**«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының өзгерістер мен толықтырлар енгізуі жөнінде**
**САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

**СРАВНИТЕЛЬНАЯ ТАБЛИЦА**
**по внесению Сенатом Парламента Республики Казахстан изменений и дополнений в проект Закона Республики Казахстан «О порядке организации и проведения мирных собраний в Республике Казахстан»**

| **Рет №**<br><br>**№ п/п** | **Нормативтік құқықтық актінің құрылымы**<br><br>**Структура нормативного правового акта** | **Мәжіліс мақұлдаған заң жобасы баптарының редакциясы**<br><br>**Редакция статей проекта закона, одобренного Мажилисом** | **Ұсынылып отырған өзгерістер мен толықтырулар**<br><br>**Предлагаемые изменения и дополнения** | **Негіздеме**<br><br>**Обоснование** |
|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| 1. | Жобаның<br>5-бабы<br>2-тармағы<br>5) тармақша | *5) бейбіт жиналыстар өткізу кезінде оларға қатысушылардың қауіпсіздігі үшін жағдайлар жасауға, сондай-ақ қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде ішкі істер органдарына жәрдемдесуге;* | Алып тасталсын.<br><br>*(Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)* | 3 және 6-позицияларды қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы ұқсас тармақшаларды біріктіру ұсынылады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Статья 5<br>пункт 2<br>подпункт 5)<br>проекта | *5) создавать условия для безопасности участников мирных собраний при их проведении, а также содействовать органам внутренних дел в обеспечении общественного порядка;* | Исключить.<br><br>*(Изменить нумерацию последующих пунктов)* | В связи с предложением принять позиции 3 и 6.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 2. | Жобаның<br>5-бабы<br>2-тармағы<br>6) тармақша<br><br>Статья 5<br>пункт 2<br>подпункт 6)<br>проекта | 6) осы Заңның 17 және 18-баптарында көзделген жағдайларда жергілікті атқарушы орган өкілінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің талап етуі *бойынша* бейбіт жиналыстарды тоқтата тұруға немесе тоқтатуға;<br><br>6) по требованию представителя местного исполнительного органа, сотрудников правоохранительных органов приостанавливать или прекращать мирные собрания в случаях, предусмотренных статьями 17 и 18 настоящего *Закона;* | *«бойынша»* деген сөзден кейін «**, бейбіт жиналыстарға қатысушыларды осындай талапты орындау қажеттігі туралы хабардар ете отырып,**» деген сөздермен толықтырылсын.<br><br>Дополнить после слова «*Закона*» словами «**, с информированием участников мирных собраний о необходимости исполнения такого требования**». | 4-ші позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы ұқсас тармақшаларды біріктіру ұсынылады.<br><br>В связи с предложением принять позицию 4.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 3. | Жобаның<br>5-бабы<br>2-тармағы<br>7) тармақша | 7) ғимараттардың, құрылысжайлардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге; | Мынадай редакцияда жазылсын:<br>«7) **бейбіт жиналыстар өткізілу кезінде оларға қатысушылардың қауіпсіздігі үшін жағдай жасауға,** ғимараттардың, құрылысжайлардың, шағын сәулет нысандарының, жасыл екпелердің, сондай-ақ өзге де мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге;» | 1-ші позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы ұқсас тармақшаларды біріктіру ұсынылады. |
| | Статья 5<br>пункт 2<br>подпункт 7)<br>проекта | 7) обеспечивать сохранность зданий, сооружений, малых архитектурных форм, зеленых насаждений, а также иного имущества; | Изложить в следующей редакции:<br>«7) **создавать условия для безопасности участников мирных собраний при их проведении,** обеспечивать сохранность зданий, сооружений, малых архитектурных форм, зеленых насаждений, а также иного имущества;». | В связи с предложением принять позицию 1.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4. | Жобаның 5-бабы 2-тармағы 8) тармақша<br><br>Статья 5 пункт 2 подпункт 8) проекта | *8) жергілікті атқарушы орган өкілінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің бейбіт жиналыстарды тоқтата тұру немесе тоқтату туралы заңға негізделген талабын бейбіт жиналыстарға қатысушылар мен басқа да адамдардың назарына жеткізуге;*<br><br>*8) доводить до сведения участников мирных собраний и других лиц основанное на законе требование представителя местного исполнительного органа, сотрудников правоохранительных органов о приостановлении или прекращении мирных собраний;* | Алып тасталсын.<br><br>*(Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)*<br><br>Исключить.<br><br>*(Изменить нумерацию последующих пунктов)* | 2-ші позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы ұқсас тармақшаларды біріктіру ұсынылады.<br><br>В связи с предложением принять позицию 2.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 5. | Жобаның 5-бабы 2-тармағы 10) тармақша | *10) бейбіт жиналыстарға қатысушылардан өз бетін бүркемеуді, оның ішінде бет-әлпетін тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және (немесе) өзге де заттарды пайдаланбауды талап етуге;* | Алып тасталсын.<br><br>*(Тармақшалардың кейінгі* | Бейбіт жиналыстарға қатысушыларға қойылатын талаптарды белгілеу мемлекеттік және құқық қорғау органдарының айрықша құзыреті болып табылатындықтан, ұйымдастырушының көрсетілген |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | *нөмірленуі өзгертілсін)* | міндетін алып тастау ұсынылады. |
| | Статья 5 пункт 2 подпункт 10) проекта | *10) требовать от участников мирных собраний не скрывать свое лицо, в том числе не использовать предметы одежды и (или) иные средства, препятствующие распознаванию лица;* | Исключить.<br><br>*(Изменить нумерацию последующих пунктов)* | Предлагается исключить указанную обязанность организатора, поскольку установление требований к участникам мирных собраний является прерогативой государственных и правоохранительных органов. |
| 6. | Жобаның 5-бабы 2-тармағы 12) тармақша | 12) бейбіт жиналыстар өткізу кезінде оларға қатысушылардың және басқа да адамдардың өмірін, денсаулығын қорғауға, қоғамдық тәртіпті қорғауға және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған ішкі істер және (немесе) прокуратура органдары қызметкерлерінің талаптарын *орындауға;* | *«орындауға»* деген сөзден кейін «**, ішкі істер органдарына қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуде жәрдемдесуге**» деген сөздермен толықтырылсын. | 1-ші позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы ұқсас тармақшаларды біріктіру ұсынылады. |
| | Статья 5 пункт 2 подпункт 12) проекта | 12) выполнять требования сотрудников органов внутренних дел и (или) прокуратуры, направленные на защиту жизни, здоровья участников мирных собраний и других лиц при их проведении, охрану общественного порядка и обеспечение общественной | Дополнить после слова *«безопасности»* словами «**, содействовать органам внутренних дел в обеспечении охраны общественного порядка**». | В связи с предложением принять позицию 1.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *безопасности;* | | четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи, предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 7. | Жобаның 5-бабы 3-тармағы 8) тармақша<br><br>Статья 5 пункт 3 подпункт 8) проекта | 8) *бет-әлпетін* тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және (немесе) өзге де заттарды пайдалануға;<br><br>8) использовать предметы одежды и (или) иные средства, препятствующие распознаванию *лица*; | *«бет-әлпетін»* деген сөздердің алдынан «**денсаулықты сақтауға арналған жеке қорғаныш құралдарын қоспағанда,**» деген сөздермен толықтырылсын.<br><br>Дополнить после слова «*лица*» словами «**, за исключением средств индивидуальной защиты, направленных на охрану здоровья**». | Заң жобасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыға бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және (немесе) өзге де заттарды пайдалануға тыйым салу белгіленеді.<br>Сонымен қатар, мәселен, тұмау, ЖРВИ бойынша маусымдық эпидемия, қолайсыз экологиялық ахуал және басқа жағдайларда азаматтардың жеке қорғаныш құралдарын пайдалану мүмкіндігі болуға тиіс.<br><br>Проектом Закона устанавливается запрет организатору мирных собраний использовать предметы одежды и (или) иные средства, препятствующие распознаванию лица.<br>Вместе с тем, к примеру, в случаях сезонных эпидемий по гриппу, ОРВИ, неблагоприятной экологической ситуации и других, у граждан должна быть возможность использовать средства индивидуальной защиты. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8. | Жобаның 6-бабы 3-тармағы 7) тармақша | 7) *бет-әлпетін* тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және (немесе) өзге де заттарды пайдалануға; | *«бет-әлпетін»* деген сөздердің алдынан «**денсаулықты сақтауға арналған жеке қорғаныш құралдарын қоспағанда,**» деген сөздермен толықтырылсын. | 7-ші позицияны қабылдау туралы ұсыныска байланысты.<br>Заң жобасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыға бет-әлпетті тануға кедергі келтіретін киім-кешекті және (немесе) өзге де заттарды пайдалануға тыйым салу белгіленеді.<br>Сонымен қатар, мәселен, тұмау, ЖРВИ бойынша маусымдық эпидемия, қолайсыз экологиялық ахуал және басқа жағдайларда азаматтардың жеке қорғаныш құралдарын пайдалану мүмкіндігі болуға тиіс. |
| | Статья 6 пункт 3 подпункт 7) проекта | 7) использовать предметы одежды и (или) иные средства, препятствующие распознаванию *лица*; | Дополнить после слова «*лица*» словами «**, за исключением средств индивидуальной защиты, направленных на охрану здоровья**». | В связи с предложением принять позицию 7.<br>Проектом Закона устанавливается запрет участнику мирных собраний использовать предметы одежды и (или) иные средства, препятствующие распознаванию лица.<br>Вместе с тем, к примеру, в случаях сезонных эпидемий по гриппу, ОРВИ, неблагоприятной экологической ситуации и других у граждан должна быть возможность использовать средства индивидуальной защиты. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9. | Жобаның 9-бабы 2-тармағы жаңа екінші бөлік<br><br>Статья 9 пункт 2 новая часть вторая проекта | Жоқ.<br><br>Отсутствует. | Мынадай мазмұндағы 2-тармақтың екінші бөлігімен толықтырылсын:<br>«**Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталықтары аудандарының орталық бөліктеріндегі пикеттеу, жиналыстар немесе митингілер ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар саны үштен кем болмауға тиіс.**».<br><br>Пункт 2 дополнить новой частью второй следующего содержания:<br>«**В центральных частях районов в городах республиканского значения, столицы, а также в административных центрах областей количество специализированных мест для организации и проведения пикетирования, собраний или митингов должно составлять не менее трех.**». | Республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталықтарының кемінде үш арнайы орнында пикеттеу, жиналыстар немесе митингілер өткізуге мүмкіндік беру мақсатында.<br><br>В целях предоставления возможности проведения пикетирования, собраний или митингов не менее чем в трех специализированных местах в городах республиканского значения, столице, а также в административных центрах областей. |
| 10. | Жобаның 14-бабы 1-тармағы 6) тармақша | 6) ұсынылған құжаттардың анық емес *екендігі* анықталған жағдайда; | *«екендігі»* деген сөзден кейін «**немесе бейбіт жиналыстарды өткізу үшін қажетті құжаттардың, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкессіздігі**» деген сөздермен толықтырылсын. | 11-ші позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Осыған байланысты мағынасы ұқсас тармақшаларды біріктіру ұсынылады. |
| | Статья 14 пункт 1 подпункт 6) проекта | 6) в случае установления недостоверности представленных *документов;* | Дополнить после слова «*документов*» словами «**или несоответствия документов, данных и сведений, необходимых для проведения мирных собраний, требованиям, установленным нормативными правовыми актами Республики Казахстан**». | В связи с предложением принять позицию 11.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 11. | Жобаның 14-бабы 1-тармағы 7) тармақша | *7) бейбіт жиналыстар өткізу үшін қажетті құжаттар, деректер мен мәліметтер Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда;* | Алып тасталсын.<br><br>*(Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)* | 10-шы позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы бойынша жақын тармақшаларды біріктіру ұсынылады. |
| | Статья 14 пункт 1 | *7) в случае несоответствия документов, данных и сведений,* | Исключить. | В связи с предложением принять позицию 10. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | подпункт 7) проекта | *необходимых для проведения мирных собраний, требованиям, установленным нормативными правовыми актами Республики Казахстан;* | *(Изменить нумерацию последующих пунктов)* | В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 12. | Жобаның 14-бабы 1-тармағы 9) тармақша<br><br>Статья 14 пункт 1 подпункт 9) проекта | 9) осы Заңның 2-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда;<br><br>9) в случаях, предусмотренных пунктом 4 *статьи 2* настоящего Закона; | *«4-тармағында»* деген сөздерден кейін «**, 9-бабының 5 және 6-тармақтарында**» деген сөздермен толықтырылсын.<br><br>Дополнить после слов «*статьи 2*» словами «, **пунктами 5 и 6 статьи 9**». | 14-ші позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы бойынша жақын тармақшаларды біріктіру ұсынылады.<br><br>В связи с предложением принять позицию 14.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 13. | Жобаның 14-бабы 1-тармағы 10) тармақша | *10) егер бейбіт жиналыстар өткізу тіршілікті қамтамасыз ету, көлік немесе әлеуметтік инфрақұрылым, байланыс объектілерінің жұмыс істеуінің бұзылуына алып келетін, көліктің, инфрақұрылым объектілерінің іркіліссіз жұмыс істеуіне, жасыл екпелердің, шағын сәулет нысандарының және өзге де мүліктің сақталуына бөгет жасайтын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарға қатыспайтын азаматтардың еркін жүріп-тұруына кедергі келтіретін болса;* | Алып тасталсын. | Заң жобасына сәйкес бейбіт жиналыстар жергілікті атқарушы орган айқындаған арнайы орындарда өткізілетін болады (8-бап).<br>Заң жобасының 9-бабының 2-тармағына сәйкес бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды айқындау және оларды пайдалану тәртібін белгілеу кезінде бейбіт жиналыстардың мақсатына қол жеткізу мүмкіндігі, ұйымдастыру ыңғайлылығы, бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың инфрақұрылым объектілерін пайдалану мүмкіндігі, санитариялық нормалар мен қағидалардың сақталуы, бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылар мен оларға қатысушылардың, басқа да адамдардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілуге тиіс.<br>Осыған байланысты арнайы орындар қажетті |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | инфрақұрылыммен қамтамасыз етіліп қойған және дәл сол бейбіт жиналыстарды өткізуге арналған болуға тиіс. |
| | Статья 14 пункт 1 подпункт 10) проекта | *10) если проведение мирных собраний может повлечь нарушение функционирования объектов жизнеобеспечения, транспортной или социальной инфраструктуры, связи, создать помехи для бесперебойного функционирования транспорта, объектов инфраструктуры, сохранности зеленых насаждений, малых архитектурных форм и иного имущества, а также препятствовать свободному передвижению граждан, не участвующих в мирных собраниях;* | Исключить. | Согласно проекту Закона, мирные собрания будут проводиться в специализированных местах, определяемых местным представительным органом (ст. 8).<br>Согласно пункту 2 статьи 9 проекта Закона при определении специализированных мест для организации и проведения мирных собраний и установлении порядка их использования должны обеспечиваться возможность достижения цели мирных собраний, удобство организации, возможность использования организаторами и участниками мирных собраний объектов инфраструктуры, соблюдение санитарных норм и правил, безопасность организаторов и участников мирных собраний, других лиц.<br>В этой связи специализированные места уже должны быть обеспечены необходимой инфраструктурой и |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | предназначены именно для проведения мирных собраний. |
| 14. | Жобаның 14-бабы 1-тармағы 13) тармақша<br><br>Статья 14 пункт 1 подпункт 13) проекта | *13) осы Заңның 9-бабының 5 және 6-тармақтарында көзделген жағдайларда, бас тартады.*<br><br>*13) в случаях, предусмотренных пунктами 5 и 6 статьи 9 настоящего Закона.* | Алып тасталсын.<br><br>*(Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)*<br><br>Исключить.<br><br>*(Изменить нумерацию последующих пунктов)* | 12-ші позицияны қабылдау туралы ұсынысқа байланысты.<br>«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабына сәйкес нормативтік құқықтық актінің ережелері барынша қысқа болуға, нақты мағынаны және әртүрлі түсіндіруге жатпайтын мағынаны қамтуға тиіс.<br>Осыған байланысты мағынасы ұқсас тармақшаларды біріктіру ұсынылады.<br><br>В связи с предложением принять позицию 12.<br>В соответствии со статьей 24 Закона РК «О правовых актах» положения нормативного правового акта должны быть предельно краткими, содержать четкий и не подлежащий различному толкованию смысл.<br>В этой связи предлагается объединить близкие по смыслу подпункты. |
| 15. | Жобаның 18-бабы 1-тармағы 3) тармақша | *3) бейбіт жиналыстарға қатысушылардың күш қолдану әрекеттерін жасауы, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды* | Алып тасталсын. | Заң жобасының 18-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген негіздер көрсетілген баптың 1-тармағының 1) және 2) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | *ұйымдастырушының бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қатысты осы Заңның талаптарын бұзуы;* | *(Тармақшалардың кейінгі нөмірленуі өзгертілсін)* | тармақшаларының мазмұнында қамтылады. Бұдан басқа, бейбіт жиналыстарға қатысушының (қатысушылардың) бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібіне қойылатын талаптарды бұзуы, егер аталған адамдар оларды жойса, бейбіт жиналыстарға қатысу үшін кедергі бола алмайды. |
| | Статья 18 пункт 1 подпункт 3) проекта | *3) совершение участниками мирных собраний насильственных действий, а также нарушение организатором мирных собраний требований настоящего Закона, касающихся порядка организации и проведения мирных собраний;* … | Исключить. *(Изменить нумерацию последующих пунктов)* | Основания, предусмотренные подпунктом 3) пункта 1 статьи 18 проекта Закона, охватываются содержанием подпунктов 1) и 2) пункта 1 указанной статьи. Кроме того, нарушение участником (участниками) мирных собраний требований по порядку организации и проведения мирных собраний не будет являться препятствием для участия в них, если они будут устранены указанными лицами. |
| 16. | Жобаның 18-бабы жаңа 4-тармақ | Жоқ. | Мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын: «**4. Бейбіт жиналыстарға қатысушының (қатысушылардың) осы Заңның талаптарын бұзуы оның (олардың) бейбіт жиналыстарға қатысуын тоқтатуға алып келеді және егер бұзушылықтар жойылған болса, бейбіт жиналыстарды тоқтату үшін** | Бейбіт жиналысты тоқтату жекелеген адамдардың жүріс-тұрысына байланысты болмауға тиіс (мысалы, қоғамдық тәртіпті бұзуды қасақана арандатушылар). Жекелеген қатысушының (қатысушылардың) Заң жобасында белгіленетін |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | **негіз болып табылмайды.**». | талаптарды бұзуы олардың қатысуын тоқтатуға алып келеді, алайда егер бұзушылықтар жойылған болса, бейбіт жиналысты тоқтату үшін негіз болып табылмайды. |
| | Статья 18 новый пункт 4 проекта | Отсутствует. | Дополнить новым пунктом 4 следующего содержания:<br>«**4. Нарушение участником (участниками) мирных собраний требований настоящего Закона влечет прекращение его (их) участия в мирных собраниях и не является основанием для прекращения мирных собраний в случае его устранения.**». | Прекращение мирного собрания не должно зависеть от поведения отдельных лиц (к примеру, намеренно провоцирующих нарушение общественного порядка).<br>Нарушение требований, устанавливаемых проектом Закона, отдельным участником (участниками) влечет прекращение его (их) участия, однако не будет являться основанием для прекращения мирного собрания, если нарушения будут устранены. |

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және**
**құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы** **В. ВОЛКОВ**